

**6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сактау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Саиранқызы Салтанаттың «Бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медициналық-элеуметтік көмекті жетілдіру»
такырыбындағы диссертациялық жұмысына**

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПКІРІ

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) <u>Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</u></p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысы бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медициналық және элеуметтік көмекті жетілдіруге негізделген. Осы мәселе аясында бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балалардың өмір сүру сапасын арттыру, медициналық және элеуметтік жағынан қамтамасыз ету, қоғамдық игіліктердің қолжетімділігін үйімдастыруға бағытталған. Диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы мен бағыты ҚР денсаулық сактауды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасымен, еліміздегі Денсаулық сактауды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасымен, 2022 жылғы балалар жылымен өзара үндестік тауыш, аталған мемлекеттік бағдарламалармен өзара сәйкес келетін өзекті мәселені көтерген.</p> <p>Докторант Саиранқызы Салтанаттың 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сактау» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған ғылыми-зерттеу жұмысы бүтінгі таңдағы шетелдік және отандық қоғамдық денсаулық сактау саласындағы өзекті саналатын балалар арасындағы бронхөкпе дисплазиясының медициналық-элеуметтік мәселелеріне қатысты барлық маңызды аспектілер қарастырылған. Зерттеу жұмысының өзектілігі қазіргі денсаулық сактау саласындағы маңызды мәселе бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медициналық-элеуметтік көмекті жетілдіру бойынша кешенді жұмыстарды жүргізу мемлекеттік бағдарламалармен өзара толық сәйкес келеді. Сондай-ақ, қазіргі таңдағы балалар арасындағы бронхөкпе</p>

			дисплазиясымен сырқаттанатын науқастарға медициналық және әлеуметтік көмекті жетілдіру қоғамдық денсаулық сақтаудағы ғылыми теориялық және әлеуметтік-қоғамдық маңызға ие тақырыптардың бірінен саналады.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаган.	<p>Диссертанттың зерттеу жұмысы бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медико-әлеуметтік көмек көрсетудегі кешенді түрде жүргізілген ғылыми жұмыс саналады. Зерттеу жұмысы аясында жасалған Алматы қаласы Қалалық перинаталды орталығында дүниеге келген нәрестелер арасында БӘД-пен сырқаттанатын науқастардың жиілігін анықтауы, олардағы аурушаңдықтың дамуына ықпал етуші негізгі қауіп факторларын көрсетуі, науқас балаларға медико-әлеуметтік көмек көрсетуді анықтаудағы авторлық үлгідегі сауалнамалары мен «Бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын науқастар регистрін» (bld.bolimi.kz) құрастырып өндіріске енгізуі қоғамдық денсаулық сақтау жүйесін дамытудың өзекті басым бағыттарына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыстағы статистикалық мәліметтердің өнделуі мен балалардың денсаулық жағдайын талдауы, өмір сапасын бағалауы мен медико-әлеуметтік көмекті жетілдірудің механизмдері ғылыми мағыздылығы жоғары, қоғамдық денсаулық сақтаудың дамуына елеулі деңгейде үлес қосатын, ғылыми теориялық және практикалық мазмұны толық ашылған жұмыс ретінде бағалаймыз.</p> <p>Диссертациялық жұмыстағы БӘД-пен сырқаттанатын балаларға медико-әлеуметтік көмекті жетілдіру моделі науқас балалар мен олардың отбасыларының медико-әлеуметтік жағынан қамтамасыз етудің көрсеткіші ретінде санауга болады. Автордың БӘД-пен сырқаттанатын балаларға медико-әлеуметтік көмекті жетілдіру моделі қолданыстағы клиникалық хаттамалар мен әлеуметтік көмек көрсетуші алгоритмдердің сапасын арттыруға, теориялық жағынан жетілуіне, практикалық жағынан дамуына өзіндік қосар үлесі жоғары. Диссертанттың Алматы қаласы емханаларына ендірген «Бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын науқастар регистрінің» (bld.bolimi.kz) құрастырылуы мен қалалық емханаларға енгізу актілері ғылыми жаңашылдыққа және тәжірибелік маңызға ие болып табылады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <u>1) жоғары</u> 2) орташа	Докторант Саиранқызы Салтанаттың «Бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медициналық-әлеуметтік көмекті жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының базалық аппараты, теориялық

		<p>3) төмен 4) өзі жазбаған</p>	<p>дайындығы, кәсіби біліктілігі, практикалық құндылығы, тақырыпты игеруі, статистикалық мәліметтерді жинақтауы мен оларды өңдеуі мен талдаулары, диссертацияның ғылыми деңгейін, теориялық-практикалық мазмұнын арттырады. Диссертациялық жұмысты жазудағы автордың базалық білім қоры жеткілікті, жазу стилі қалыптасқан, ойы анық, түжырымдары дәлелді, статистикалық талдаулары негізді, жұмыстың логикалық құрылымы жүйелі, ішкі мазмұны мағыналы, ғылыми теориялық мәліметтердің негізделуі мен талдау мәліметтерінің дәрежесіне қарап, диссертациялық жұмыс авторының өзі жазу деңгейі «жоғары» деп бағалаймыз.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:</p> <p><u>1) негізделген</u></p> <p>2) жартылай негізделген</p> <p>3) негізделмен.</p>	<p>Еліміздегі және шетелдегі балалар арасындағы бронхекпе дисплазиясы жыл өткен сайын саны артып келе жатқан, қоғамдық-әлеуметтік сипат алған ауру түріне жатады. Сондықтан бұл ауру түріне қатысты медициналық және қоғамдық денсаулық сақтау саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізіліп жатқандығы занды құбылыс саналады. Осы тұрғыдан келгенде докторант Саиранқызы Салтанаттың «Бронхекпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медициналық-әлеуметтік көмекті жетілдіру» тақырыбындағы докторлық диссертациясының тақырыбы өзекті саналса, жұмыстың ішкі мазмұндың бронхекпе дисплазиясының клиникалық сипаты, қауіп факторлары, балаларды оңалтудың жолдары, өмір сапасы, жиілігі, медико-әлеуметтік сипаты, медициналық-әлеуметтік көмекті жетілдіру моделі секілді мәселелердің көтерілуі мен олардың әртүрлі аспектіде ғылыми тұрғыдан талдануы жұмыстың негізделгендерін көрсетеді. Соңғы уақыттарда елімізде бронхекпе дисплазиясымен сырқаттанатын балалар санының жиілігінің күн өткен сайын арта түсін бронхекпе дисплазиясын зерттеу ғылыми ортаның алаңдаушылығын тудыруды. Демек, диссертанттың зерттеу нысанына алынған «Бронхекпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медициналық-әлеуметтік көмекті жетілдіру» мәселесі жоғарыда аталған медициналық және қоғамдық-әлеуметтік проблемамен өзектес, қоғамдық мәселе ретінде уақытылы қолға алынған, кешенді түрде жан-жақты қарастырылған тақырыбы өзекті, мәселесі тың жұмыстардың бірі ретінде саналады.</p> <p>Докторант диссертациялық жұмысында Алматы қаласындағы Перинаталды оргалығында емделген бронхекпе дисплазиясымен ауыратын нәрестелерді арнайы нысан ретінде қарастырып, көптеген статистикалық</p>

		<p>деректер мен науқастар тарихын жинақтап, соларға кең көлемде талдау жүргізуі жұмыстың ғылыми дәлелді түрғыдан негізделгендігін көрсетеді. Зерттеу барысында бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медико-әлеуметтік көмекті жетілдірудің маңыздылығы, БӘД-пен сырқаттанатын науқастардың денсаулық жағдайы, өмір сапасы, әлеуметтік түрмисы, қоғамдық ортадағы орны, отбасылық әлеуеті секілді мәселелер арнайы сауалнамалар нәтижесінде анықталып, науқастарды емдеу мен көмек көрсетудің жолдары жан-жақты көрсетілген.</p> <p>БӘД-пен сырқаттанатын балаларға медициналық көмек пен әлеуметтік қолдаудың үздіксіз қажет ететіндігі талданып, БӘД-пен сырқаттанатын науқастарға арналған зерттеулердің сапасын арттыруға ықпал етеді. Диссертанттың БӘД-пен сырқаттанатын науқастарды бақылау арқылы олардың динамикалық көрсеткішінің негізінде медициналық-әлеуметтік көмекті көрсетуде медицина қызметкерлері мен қатар көптеген әлеуметтік сала мамандарымен бірлескен мультидисциплинарлы топтың өзара ынтымақтасқан жұмысының нәтижесінде науқастарға медико-әлеуметтік көмекті жақсартуға болатындығы ғылыми түрғыдан негізделіп берілген.</p> <p>Сонымен жоғарыда көрсетілген мәселелердің негізінде, 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Саирланқызы Салтанаттың докторлық диссертациялық жұмысы еліміздегі қоғамдық денсаулық сақтаудағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындаиды</p> <p>1) <u>айқындаиды</u></p> <p>2) жартылай айқындаиды</p> <p>3) айқындаамайды</p>	<p>Диссидент Саирланқызы Салтанаттың «Бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медициналық-әлеуметтік көмекті жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының жалпы мазмұны бес тараудан, әрбір тарау диссертация мазмұнына сай ғылыми тұжырымдардан, қорытынды мен қосымшалары зерттеу жұмысының тақырыбын толық айқындаиды. Диссертация мазмұннандағы әрбір тараудың аты мен ондағы тақырышшалардың ішкі мазмұны диссертация тақырыбына сейкес күрылғандығы, диссертация жұмысы мазмұнның айқындылығын дәлелдейді.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері БӘД-пен сырқаттанатын балалардың катамнезін зерттеуге, аталған патологиясы бар науқастарға медико-әлеуметтік көмек көрсету сапасы мен тиімділігін</p>

	<p>1) сәйкес келеді 2) жартылай сәйкес келеді 3) сәйкес келмейді</p>	<p>арттыру моделін даярлауға құрылғандығы диссертация тақырыбымен өзара сәйкес келеді. Докторанттың зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация мазмұнымен өзара сәйкестігі ізденушінің тақырыпты толық теориялық және практикалық тұрғыдан еркін менгергендігін көрсетеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері өз шешімін тапқан, күтілген нәтижелерге кол жеткізген, ғылыми теориялық тұжырымдамалары негізді, практикалық сипаты дәлелді, статистикалық талдаулары айқын, корытындылары дәйекті. Демек, докторант Саиранқызы Салтанаттың диссертациялық жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбымен сәйкес құрылған, логикалық байланыс пен бірізділік сақталған, ғылыми тұрғыдан дәлелді түрде тұжырымдалған, ғылыми негізделуі зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптармен сәйкес келетіндігін атап өтуге болады.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан 2) жартылай байланысқан 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертация мазмұнындағы бес тарау мен олардың ішкі мазмұнына негізделген тақырыпшалар мен барлық бөлімдердің құрылышы өзара логикалық жағынан біртұтастықта негізделіп толық байланысқан. Зерттеу жұмысының құрылышындағы әр бөлім бір-бірімен логикалық жағынан өзара үйлесімді түрде байланыса отырып, көтерілген мәселені әр бөлім сайын бірінен кейін бірі орынды түрде өрбіте отырып, бөлімдер аралығындағы ой қорытулары мен түйіндемелер арқылы қорытылған. Бұл дегеніміз зерттеу жұмысында ой шашыраңқылығы жоқ, логикалық бірізділіктің сақталғандығын, ізденушінің ғылыми стилді еркін менгергендігін көрсетеді.</p> <p>Диссертацияның әр бөлімінде көрсетілген ғылыми нәтижелер мен тұжырымдамалары, ой қорытулары мен статистикалық талдаулары бір-бірімен сабактасып, жұмыстың ішкі мазмұнының біртұтастығына құрылған. Зерттеу жұмысындағы әр тарау мен бөлімдерде айтылған ізденушінің көзқарастары мен тұжырымдамалары диссертация мазмұнында келтірілген тараулармен логикалық жағынан байланысып, магыналық тұтастыққа негізделген.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің ішкі мазмұны толықтай ізденүши тараапынан ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, бұрынғы және кейінгі зерттеулер арқылы өзара салыстырылып, сынни талдаулар жасауының нәтижесінде БӘД-пен сырқаттанатын балаларға медико-әлеуметтік көмектің сапасын жетілдіруге негізделген зерттеу тұжырымдарының өзегі авторлық сынни</p>

		<p>2) талдау жартылай жүргізілген 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>талдау түйіндемелерден тұрады. Диссиденттың зерттеу барысында жасаған жаңашыл шешімдері ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, қажетті статистикалық көрсеткіштермен бағаланған.</p> <p>Ізденушінің зерттеу барысындағы сынни талдауларынан жұмыстың алдына қойған мақсат-міндеттерін БӘД-пен сырқаттанатын науқастарға медико-әлеуметтік көмек көрсетуді жетілдіруде ғылыми негізде сәтті орындан шыққандығын көрсетеді. Диссертациялық жұмыста диссидент өз тараҧынан ғылыми этикеттер мен адалдық кодекстерін қатаң сактай отырып, сынни талдаулар жүргізуінің нәтижесінде бұрыннан белгілі шешімдермен өзара салыстырып, өз тараҧынан ұтымды талдаулар жүргізе білген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторанттың диссертациялық жұмысындағы ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа деп санаймыз. Мәселен қоғамдық деңсаулық сақтаудағы БӘД-пен сырқаттанатын науқастарға медико-әлеуметтік көмекті жетілдіру туралы мәселенің арнағы зерттелуі мен кешенді түрде жан-жақты қарастырылуы, БӘД-пен сырқаттанатын науқастардың жиілігі анықталып, олардағы аурудың дамуына ықпал етуші негізгі каяіп факторлардың көрсетілуі, балалардың деңсаулық жағдайының кешенді түрде талдануы, медико-әлеуметтік көмекті жетілдіру моделінің ұсынылып, БӘД-пен сырқаттанатын науқастар регистрінің тұнғыш рет құрастырылуы отандық қоғамдық деңсаулық сақтау саласына қосылған жаңашыл жұмыс деп санаймыз.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторанттың диссертациялық жұмыс бес тараудан тұрады. Жұмыс мазмұнындағы әрбір тараулардан соң берілген қорытындылары мен ой түйіндеулері БӘД-пен сырқаттанатын науқастарға медико-әлеуметтік көмекті жетілдірудегі зерттеу жұмысы бұл мәселеге жаңа бір қырынан келуімен қорытынды пікірлері толығымен жаңа деп санаймыз.</p> <p>Ізденушінің БӘД-пен сырқаттанатын балалардың ата-аналарына жүргізген сауалнамалары мен статистикалық талдауларының негізінде жасалған ғылыми теориялық және практикалық тұжырымдары мен қорытындылары зерттеу жұмысында қамтылған барлық ғылыми жаңалықтарды түйіндең жаңаша көрсете білген. Демек, докторант С.Саирекізының БӘД-пен сырқаттанатын балаларға медико-әлеуметтік көмекті жетілдіруге негізделген ғылыми жұмысындағы ой түйіндеулері мен қорытынды тұжырымдары диссертацияның мазмұнымен ұштасып, ішкі</p>

			бірлігімен сабактасқан толығымен жаңа жұмыс ретінде бағалаймыз.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	1) <u>толығымен жаңа</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Автордың БӘД-пен сырқаттанатын науқастарға медико-әлеуметтік көмекті жетілдіргүте негізделген диссертациялық жұмысының мазмұны бүтінгі таңдағы заманауи техноқратизмнің талаптарына сәйкес, техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері бойынша жасаған жұмыстары теориялық және практикалық жағынан толығымен жаңа саналады. Диссертациялық зерттеу барысында ұсынылған Алматы қалалық емханаларына енгізген «Бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын науқастар регистрі» (bld.bolimi.kz) жұмыстың техникалық жағына жауап берсе, БӘД-пен сырқаттанатын науқастарға медико-әлеуметтік көмекті жетілдіру үшін әзірленген моделі жұмыстың технологиялық, экономикалық жағына жауап беретін толыққанды жаңа жұмыс саналады. Зерттеу барысындағы ізденушінің ғылыми тұжырымдамалары мен пікірлері, қорытынды ойлары мен статистикалық талдауларының нақтылығы мен негізділігі жұмыстың техникалық, технологиялық, экономикалық, басқару шешімдерінің сапасын арттырып, мазмұнын көтере түсken.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделметен (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Докторанттың зерттеу жұмысында жасаған ғылыми тұжырымдары, қол жеткізген әрбір нәтижелері, ғылыми жаңалықтары мен қорытындылары ғылыми түрғыдан нақты ғылыми деректер, статистикалық көрсеткіштер, практикалық дәлелдемелер арқылы негізделген. Зерттеу жұмысындағы ғылыми ой-пікірлердің сілтемелер арқылы берілуімен, нақты статистикалық көрсеткіштер мен практикалық материалдар негізінде тұжырымдалған. БӘД-пен сырқаттанатын баларларға медико-әлеуметтік көмекті жетілдірудегі моделі, науқастар туралы базалық қорды қалыптастыру үшін жасаған регистрі ғылыми теориялық ауқымды дәлелдер арқылы негізделген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың құрылымы, ішкі мағыналық мазмұны, ғылыми стилі, ғылыми әдебиеттерді пайдалануы, жұмыстың көлемі, техникалық талаптармен сәйкестігі, (PhD) докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Зерттеудің нәтижелері мен ғылыми тұжырымдары, тақырыпқа сәйкес ғылыми еңбектерді пайдалануы, медико-әлеуметтік теорияларға негізделіп, БӘД-пен сырқаттанатын балаларға медико-әлеуметтік көмекті жетілдіргүте негізделіп, жан-жақты ғылыми теориялық және практикалық тұрғыдан талданған.</p>

7.	<p>Қорғауга шығарылған негізгі қағидаттар</p>	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u></p> <p>2) шамамен дәлелденді</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) <u>ия</u></p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар</p> <p>2) орташа</p> <p>3) <u>кен</u></p> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u></p> <p>2) жоқ</p>	<p>Докторант Саиранқызы Салтанаттың «Бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медициналық-әлеуметтік көмекті жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысында қарастырылған негізгі қағидаттардың берілуі ғылыми түрғыдан дәлелді, практилық түрғыдан қолданыс аясы кең, зерттеу жұмысы барысында жарық көрген макалаларында зерттеудің мәселелері толық қамтылғандығы жұмыстың тиянақты түрде зерттелгендігін көрсетеді.</p>
8.	<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u></p> <p>2) жоқ</p>	<p>Докторант диссертациялық жұмыстың ғылыми базалық аппаратын жетілдіру үшін, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінің негізінде пайдаланылған теориялық пікірлер мен тұжырымдарға сілтеме жасауы шынайы. Диссертация мазмұнындағы пайдаланылған сілтемелері БӨД-пен сырқаттанатын балаларға медико-әлеуметтік көмекті жетілдіру үшін жасаған ғылыми талдаулары арқылы зерттеу жұмысының әдіснамасы нақты жазылып, арнайы дереккөздер арқылы дәйектелген. Диссиденттың зерттеу жұмысында жасаған талдаулары, қорытынды пікірлері мен тұжырымдамалары дәйектілік принципіне негізделіп, нақты статистикалық талдаулар мен зерттеу материалдары арқылы әдіснамасы нақты көрсетілген. Зерттеу жұмысында жасалған әдеби шолулары, ретроспективті талдаулармен қатар, көптеген әдіс-тәсілдерді пайдалануы, деректер мен дәлелдемелерді ұтымды пайдалануы зерттеу жұмысының нақты жүргізілгендігін көрсетеді.</p>

	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алғанған:</p> <p>1) <u>иля</u> 2) жок</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи компьютерлік технологияларды қолдану арқылы көптеген жаңашыл әдістерді зерттеудің мақсатына сәйкес пайдаланылған. Зерттеу жұмысында алынған мәліметтер диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес статистикалық өңдеудің заманауи жаңашыл әдістерін пайдалана отырып талданған. Диссертация мазмұндағы пайдаланылған әдістер мен статистикалық деректерді өңдеу жұмыстары ете ауқымды және жеткілікті дәрежеде интерпретацияланған.</p>
	<p>8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иля</u> 2) жок</p>	<p>Докторанттың диссертациялық жұмысының негізгі қағидаттары және корытындылары ғылыми теориялық түрғыдан дәлелденген, ұсынылған моделі тәжірибелік түрғыдан негізделген, зерттеу жұмысындағы статистикалық талдаулары зерттеу жұмысының нәтижелерімен расталған және логикалық жағынан өзара тығыз байланысқа құрылған.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінara расталған / расталмаған</p>	<p>Докторант Саиранкызы Салтанаттың «Бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медициналық-әлеуметтік көмекті жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысында пайдаланылған маңызды мәлімдемелер тақырыпқа сәйкес отандық және шетелдік нақты да сенімді 226 ғылыми әдебиеттерге сілтемелер келтіруімен ғылыми түрде расталған. Диссидентттың БӘД-пен сырқаттанатын балаларға медико-әлеуметтік көмектің сапасын жетілдірудегі әлемдік және отандық зерттеушілердің еңбектеріне тоқтала келіп, тақырыпқа сәйкес мәліметтерді ұтымды пайдалану арқылы диссертацияның теориялық-әдістемелік негізін сенімді сілтемелермен растағанын атап өтуге болады.</p> <p>Диссидент зерттеу нысанына сәйкес материалды логикалық түрғыдан жүйелілікті сактаған, зерттеу әдістері мен алынған нәтижелері, ғылыми корытындылары мен ой түйіндеулері, маңызды мәлімдемелері ғылыми әдебиеттер арқылы дәйектеліп, кіріспесінде көрсетілген өзектілік мәселесі,</p>

			коргауға ұсынылған тұжырымдары, қол жеткізген ғылыми жаңалықтары, зерттеу нысанына алынған мәселелерден ауытқушылық жок.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз		Докторант диссертациялық жұмысында отандық және шетелдік әдебиеттерді қарастырып, олардың БӘД-пен сырқаттанатын балаларға медико-әлеуметтік көмек сапасын жетілдіру үшін жүргізген сараптамалары мен өзіндік тұжырымдамаларында диссертант өз зерттеу жұмысында адалдық кодексіне сәйкес сілтемелер келтіру арқылы жеткілікті деңгейде пайдаланған. Ізденушінің жұмысында жалпы саны 226 еңбекке сілтеме келтіріп, ғылыми зерттеу мазмұнына сәйкес әдебиеттерді пайдаланылғандығы және ғылыми өндірістегі қолданысы соңғы жылдардағы әдебиеттерді қамтығандығы зерттеу жұмысы үшін жеткілікті деп санаймыз.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иля</u> 2) жок	Докторанттың диссертациялық жұмысының нәтижелері теориялық тұрғыда БӘД-пен сырқаттанатын балаларға медико-әлеуметтік көмек сапасын жетілдіру үшін ғылыми теориялық тұрғыдан өзіндік үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иля</u> 2) жок	Ізденушінің зерттеу нәтижелері мен қорытындылары жоғарғы медициналық оқу орындарында, медициналық мекемелерде, медициналық білім жетілдіру институттарында қосымша материалдар ретінде қолдануға болады. Сонымен қатар, БӘД-пен сырқаттанатын балаларға медико-әлеуметтік көмектің сапасын арттыруда ұсынған тәжірибелік ұсыныстарын қоғамдық деңсаулық сақтаудың сапасын анықтау үшін қосымша негіз ретінде пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертанттың зерттеу нәтижесінде ұсынған «БӘД-пен сырқаттанатын балалардың отбасыларына арналған медико-әлеуметтік сауалнамасы» мен Алматы қаласының қалалық емханаларына енгізген «Бронхекпе дисплазиясымен сырқаттанатын науқастар регистрі» (bld.bolimi.kz) толықтай жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> 2) орташа 3) орташадан төмен 4) төмен.	Саиранқызы Салтанаттың «Бронхекпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медико-әлеуметтік көмекті жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының жазу стилі мен рәсімдеу сапасы академиялық талаптарға сәйкес жоғары деп саналады. Автордың зерттеу жұмысында логикалық жүйелілік сакталған, ғылыми стилі жатық,

		<p>логикалық қарама-кайшылық жок, ғылыми стилді еркін менгерген, ғылыми жұмысты (PhD) философия докторы дәрежесіне сәйкес сауатты жазылған деп бағалаймыз.</p> <p>Сонымен докторант Сиранкызы Салтанаттың «Бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медициналық-элеуметтік көмекті жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық аяқталған, дербес орындалған, ғылыми мазмұны жогары жұмыс болып табылады. Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы бойынша алынған ғылыми нәтижелері КР БжФМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкес орындалғандықтан 6D110200 - «Қоғамдық деңсаулық сақтау» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алуга лайықты деп санаймын.</p>
--	--	---

Ресми рецензент:

К.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
педиатрия кафедрасының профессоры м.а., м.ғ.д

Жақсыбергенов А.М.



АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТИНІҢ
ШЫМКЕНТ КАМПУСЫ
ҚАБЫЛДАУ БӨЛІМІ
РАСТАЙМЫН